Hanushek и Woessmann (2009) показывают, что на каждый год высшего образования долгосрочные темпы роста увеличиваются на 0,58 процентных пункта [10]. Ряд исследований также доказывает, что развитие высшего образования важно рассматривать через призму инвестиции в человеческий капитал, которая способствует распространению технологий и инновациям, что имеет решающее значение для развития национальных экономик (Vandenbussche и др., 2006) [11].

Сагаева М.А., Андабаева Г.Д. (2021) считают, что развитие высшего образования напрямую связано с социально-экономическим развитием страны. Современные



технологии и эффективная система образования способствуют повышению квалификации кадров, что влияет на конкурентоспособность страны на мировом уровне. Высшее образование играет ключевую роль в подготовке специалистов, способных внедрять инновации и современные технологии, что приводит к экономическому росту. Однако дефицит современных образовательных программ и высокая стоимость обучения могут ограничивать потенциал казахстанских университетов [12].

Pritchett (2006) ставил под сомнение простые модели роста, подчеркивая значимость институциональных факторов для экономического развития. Это подтверждается исследованиями казахстанских ученых, которые показывают, что помимо увеличения числа выпускников вузов, важен качественный аспект их подготовки и соответствие образовательных программ потребностям экономики [13].

Hanushek и Woessmann использовали данные тестов для измерения качества образования и показали, что именно качество высшего образования оказывает статистически и экономически значимое влияние на экономический рост в период 1960-1990 годов [14].

С тех пор в ряде исследований, включая Jamison и др. (2007) были получены похожие результаты. В целом данные свидетельствуют о том, что качество высшего образования, измеряемое знаниями, приобретенными студентами, имеет большее значение для экономического роста, чем просто количество лет обучения [15].

Определение качества высшего образования включает достижение студентами определенных уровней знаний, навыков и компетенций, необходимых для успешной профессиональной и личной жизни (Harvey, 2005) [16]. В этом направлении, Мадраимова (2022) подчеркивает взаимосвязь между высшим образованием и развитием человеческого капитала в Казахстане. В исследовании рассматривается роль высшего образования в подготовке высококвалифицированных специалистов и его влияние на экономику страны. Образование способствует инновациям, развитию организаций и увеличению благосостояния населения. Также делается вывод о необходимости реформирования системы высшего образования для предотвращения потерь человеческого потенциала [17].

С другой стороны, некоторые исследователи рассматривают качество высшего образования с позиции академической репутации и стандартов учебных заведений (Kehm и Stensaker, 2010) [18]. В этом подходе основное внимание уделяется престижу университетов, качеству преподавателей и научной деятельности.

Контроль и оценка качества высшего образования – сложный процесс, требующий системного мониторинга и анализа (Tight, 2012) [19]. Маликов и др. (2019) анализируют механизмы оценки качества высшего образования в Казахстане и их влияние на конкурентоспособность образовательных учреждений. В исследовании рассматриваются различные подходы к оценке и стандарты, которые влияют на уровень подготовки специалистов и развитие экономики через человеческий капитал. В качестве рекомендаций предлагается усилить механизм оценки качества высшего образования в Казахстане через внедрение международных стандартов и практик [20].

Обзор литературы показывает, что высшее образование оказывает значительное влияние на экономический рост стран и регионов. Качественное образование способствует развитию человеческого капитала, что выражается в повышении производительности труда, внедрении инноваций и модернизации экономики. В исследованиях международных и казахстанских ученых подчеркивается важность инвестиций в образование, адаптации программ к потребностям экономики, а также оценки качества образовательных услуг. Высшее образование должно ориентироваться



на подготовку специалистов, способных активно участвовать в глобальной экономике, что является важным фактором устойчивого развития страны.

Материалы и методы. Алгоритм исследования состоит из следующих этапов: 1) анализ развития высшего образования Казахстана; 2) оценка образования как фактора экономического роста.

Для первого пункта использован статистический и сравнительный анализ; для второго – регрессионный анализ (МНК). в данном исследовании используется регрессия по методу наименьших квадратов (МНК). такой подход соответствует логике вышеупомянутых исследований, в которых преимущественно использовались описательная статистика и МНК.

В соответствии с результатами предыдущих исследований [7-8] построена следующая функциональная форма модели:

$$GDP=f(L, K, H, Oil) \quad (1)$$

Исходя из данного уравнения рассмотрена зависимость ВВП от таких факторов как рабочая сила (L), затраты на капитал (K) и человеческий капитал (H), а также применительно к сырьевой направленности роста включена была переменная цена на нефть (Oil).

В качестве затрат на капитал K взяты инвестиции в основной капитал, L – рабочая сила, человеческий капитал – затраты на образование в республиканском бюджете, Oil – цена нефти марки Brent.

Стоит отметить, что получение достойного образования закладывает основу для улучшения социально-экономических условий жизни людей и играет ключевую роль в обеспечении выхода из нищеты, и само образование начинается с дошкольного возраста и продолжается всю жизнь. Затраты на образование должны содержать все расходы республиканского бюджета на образование так как ее ступени и их финансирование взаимозависимы. Поэтому, для получения полной картины сложившейся ситуации и выявления закономерностей, в исследовании использовались данные Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан с 2000 по 2023 гг.

Принимая лог - линейную форму обеих сторон уравнения (1), получено следующее уравнение:

$$\ln GDP = \beta_0 + \beta_1 \ln L + \beta_2 \ln K + \beta_3 \ln H + \beta_4 \ln Oil + \varepsilon_{it} \quad (2)$$

где \ln обозначает натуральный логарифм. Параметры $\beta_1, \beta_2, \beta_3, \beta_4$ представляют собой долгосрочные эластичности ВВП на душу населения относительно рабочей силы, капитала, затрат на образование и цен на нефть.

На основании вышесказанного, выдвинута гипотеза, которая будет проверена в ходе исследования: экономический рост страны зависит не только от величины капитала и рабочей силы, но и от инвестиций государства в образование.

Результаты и обсуждение. В первой половине последнего десятилетия состояние высшего образования Казахстана характеризовалось противоречивыми тенденциями. С одной стороны, сокращение доли фактического объема финансирования, закрытие («оптимизация») ряда образовательных учреждений, кризисные явления в системе в целом, с другой стороны, система образования вступила в период стабилизации, что характеризуется широким развитием инновационных процессов в содержании,



организации и управлении образованием, дающих определенные позитивные результаты.

Результатом планомерной работы Министерства науки и образования Республики Казахстан за 20-летний период стало значительное сокращение количества организаций, предоставляющих населению услуги высшего и послевузовского образования. Если в 2001 году действовало 185 вузов, то к 2022 году количество действующих лицензий на осуществление образовательной деятельности имеют 116 вузов.

Была проведена работа по расширению академической свободы вузов и повышению их ответственности за результат, в том числе переход на выдачу дипломов собственного образца, что повышает конкурентоспособность в первую очередь вузов, имеющих на рынке высокие позиции с точки зрения реальной востребованности выпускников, и мотивирует остальные вузы повышать качество образования и развивать узнаваемость на рынке.

Численность обучающихся в вузах в 2022 году составила 578237 человек, что показывает прирост на 31,2% по сравнению с 2000 годом.

Из анализа динамики численности обучающихся, показанной в рисунке 1, видно, что за последнее несколько лет численность студентов, прием и выпуск практически стабильны, хотя рождаемость в 2000-2010 годы имела четкую динамику роста. Таким образом, часть выпускников среднего образования не рассматривает вузы Казахстана для продолжения обучения.



Рисунок 1 - Динамика приема, выпуска и численности студентов вузов

Примечание: составлено авторами на основании данных Бюро национальной статистики АСПиР РК.

Качественный уровень подготовки специалистов зависит от научного потенциала и уровня квалификации преподавательских кадров. Как показывают данные рисунка 2 при увеличении численности студентов, увеличивается средняя нагрузка на ППС вузов, что могло негативно отражаться на качестве образования из-за сильной загруженности и недостатка времени на развитие самого ППС. Это происходило несмотря на существующие нормы соотношения при расчете стоимости государственного гранта (от 1:2 до 1:32 в зависимости от категории обучающихся в период с до 2018 года, и 1:16 после 2018 года).




Рисунок 2- Соотношение численности ППС и студентов организаций высшего образования

Примечание: составлено авторами на основании данных Бюро национальной статистики АСПиР РК.

На основании вышесказанного можно сделать вывод, что увеличение инвестиций в образование должно касаться не только увеличения численности грантов, а соответственно и количества студентов, но также учитывать вопросы оплаты труда и увеличения количества персонала, для предоставления качественного образования в частности. При этом важно вкладываться в образование, т.к. это позволяет положительно влиять на экономический рост.

Построим регрессионную модель взаимосвязи данных переменных (таблица 1) согласно функциональной форме 1.

Таблица 1 – Переменные регрессионной модели для выбросов CO₂

Model	Unstandardized Coefficients		Standardized Coefficients	t	Sig.
	B	Std. Error			
(Constant)	-43,683	15,521		-2,814	0,011
Рабочая сила	6,009	1,909	0,440	3,148	0,006
Затраты на образование	0,251	0,104	0,323	2,419	0,026
Инвестиции в основной капитал	0,376	0,174	0,304	2,153	0,045
Цена на нефть	0,223	0,077	0,096	2,872	0,010

Примечание: составлено авторами на основании проведенных расчетов.

Стандартизованные коэффициенты регрессии показывают относительную значимость независимых переменных, включенных в регрессионную модель, и отражает уникальный вклад каждой независимой переменной в рамках регрессионной



модели. Они показывают, как сильно влияют исследуемые факторы (независимые переменные) на итоговую величину (зависимую переменную).

В соответствии с расчетами модели представленные факторы, имеют следующее влияние (таблица 2).

Таблица 2 – Влияние факторов в регрессионной модели

Факторы	Влияние
<i>1% рост факторов вызывает:</i>	<i>% изменение ВВП</i>
Рабочая сила	+ 6
Затраты на образование	+ 0,25
Инвестиции в основной капитал	+0,38
Цена на нефть	+0,22
Примечание: составлено авторами на основании проведенных расчетов.	

Из результатов следует, что на ВВП оказывает сильное влияние все факторы. Все коэффициенты в моделях значимы, по крайней мере, на 5-процентном уровне значимости. Для построенной модели t каждой из независимых переменных превышает 2.

Проведенное эмпирическое исследование связи между государственными расходами на образование и экономическим ростом показало, что экономический рост действительно зависит не только от величины капитала и рабочей силы, но также и от инвестиций в образование.

Представленное исследование имеет определенные объективные ограничения: недостатком является небольшой размер выборки (временной ряд только с 2000г.), необходимо также рассмотреть краткосрочные и долгосрочные эффекты расходов на образование, рассмотреть отдельно расходы на школьное и вузовское образование, вычленив только затраты государственного бюджета на обучение одного школьника, студента колледжа и университета в динамике.

Заключение. Проведенное исследование подтвердило наличие значимой взаимосвязи между инвестициями в образование и экономическим ростом Казахстана. Образование, как ключевой элемент человеческого капитала, вносит важный вклад в экономическое развитие через повышение производительности труда, внедрение инноваций и технологическое обновление. Данные нашего анализа, основанные на моделях регрессии, демонстрируют, что увеличение расходов на образование оказывает положительное влияние на рост ВВП, что особенно ярко проявляется в долгосрочной перспективе.

Одним из главных выводов исследования является то, что человеческий капитал, формируемый через систему образования, становится значимым фактором устойчивого экономического роста. Подтверждается гипотеза о том, что качественное образование через инвестиции оказывает более значительное влияние на экономику, чем просто количество лет обучения, как это было показано в классических исследованиях Varro и Woessmann. Эти результаты согласуются с выводами международных экспертов, которые подчеркивают важность не только доступности образования, но и его соответствия требованиям современной экономики.

При этом стоит отметить, что развитие высшего образования в Казахстане сталкивается с рядом вызовов. К ним можно отнести рост нагрузки на преподавателей в условиях увеличивающегося числа студентов, недостаток качественных образовательных программ и высокую стоимость обучения. Эти факторы могут



ограничивать потенциал развития человеческого капитала в стране. Для того чтобы минимизировать данные проблемы и обеспечить более устойчивый экономический рост, необходимо акцентировать внимание на улучшении качества образовательных услуг, а также на адаптации образовательных программ к требованиям экономики будущего.

Таким образом, представленные результаты подчеркивают необходимость продолжения инвестиций в высшее образование и реформирования системы образования в Казахстане. Эти меры могут способствовать дальнейшему росту человеческого капитала и усилению конкурентоспособности страны на мировом уровне.

Информация о финансировании. Исследование профинансировано Комитетом науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан (ПЦФ ИРН BR21882434 «Системный подход к мониторингу, анализу и оценке качества высшего образования в Казахстане») (2023-2025 гг.).

Список литературы

1. *World Economic Forum. Global Competitiveness Report 2015-2016* [Electronic resource]. Available at: <http://reports.weforum.org/global-competitiveness-report-2015-2016/education/#view/fn-53> (date of application: 05.11.2023).
2. Barro, R.J., Lee, J.-W. A new dataset of educational attainment in the world 1950–2010// National Bureau of Economic Research.- 2010. – Vol. 15902, pp. 1-58. <https://doi.org/10.3386/w15902>.
3. UNESCO. *Report on Education and Economic Growth*. – 2015.
4. Hanushek, E.A., Woessmann, L. Do better schools lead to more growth? Cognitive skills, economic outcomes, and causation // National Bureau of Economic Research. – 2009. - №14633. - pp. 1-65. <https://doi.org/10.3386/w14633>.
5. Barro R.J. *Economic growth in a cross section of countries* // Quarterly Journal of Economics. – 1991. - №106(2).- pp. 407–443.
6. Mankiw N.G., Romer D., Weil D. A contribution to the empirics of economic growth // Quarterly Journal of Economics. – 1992. №107(2). - pp. 407–437.
7. Temple J. *Growth effects of education and social capital in the OECD countries* // OECD Economic Studies. – 2001. - №33. - pp. 57–101.
8. Sianesi B., Van Reenen J. *The returns to education: Macroeconomics* // Journal of Economic Surveys. – 2003. - №17(2). - pp. 157–200.
9. Орынбет П.Ж., Ныгыметов Г.С., Цой А.А. Влияние образовательного потенциала на развитие регионов Казахстана // *Economy: strategy and practice*. – 2023. - №18(1). - pp. 103-115. <https://doi.org/10.51176/1997-9967-2023-1-103-115>.
10. Hanushek E.A., Woßmann L. *Education and Economic Growth*. In: Peterson P., Baker E., McGaw B. (Eds.) // *International Encyclopedia of Education*. -2010. -Vol. 2. - pp. 245-252. <https://hanushek.stanford.edu/publications/education-and-economic-growth>.
11. Vandenbussche J., Aghion P., Meghir C. *Growth, distance to frontier and composition of human capital* // Journal of Economic Growth. – 2006. - №11(2). - pp. 97–127.
12. Сагаева М.А., Андабаева Г.Д. Оценка влияния высшего образования на социально-экономику // *Инженерлік графика және кәсіби білім проблемалары*. – 2021.- №2(61). - pp. 52-58. <https://doi.org/10.32523/2220-685X-2021-61-2-52-58>.
13. Pritchett L. *Does learning to add up add up? The returns to schooling in aggregate data*. In: Hanushek E.A., Welch F. (eds.) *Handbook of the Economics of Education*. Amsterdam: North-Holland. - 2006. - pp. 635–695.
14. Hanushek E.A., Woessmann L. *Do better schools lead to more growth? Cognitive skills, economic outcomes, and causation*. NBER Working Paper No. 14633. Cambridge, MA: National Bureau of Economic Research. – 2009. -65 p.
15. Jamison, E.A., Jamison, D.T., Hanushek, E.A. *The effects of education quality on mortality decline and income growth* // Journal of Economic Literature. – 2007. - №46(3). - pp. 607–668.
16. Harvey, L. *Understanding quality in higher education: Concepts and approaches* // Routledge. – 2005. -№5(21). - pp. 135-157.



17. Мадраимова Д. Взаимосвязь между высшим образованием и развитием человеческого капитала на примере Казахстана // *Вопросы студенческой науки*. – 2022. - №11(75). - С. 39-50.
18. Kehm B.M., Stensaker B. *University rankings diversity and the new landscape of higher education* // Springer Science & Business Media. – 2010. - № 10(7). - pp. 367-381.
19. Tight M. *Key concepts in higher education* // Routledge. – 2012. - № 2(11). - pp. 567-590.
20. Маликов К.Т., Ынтымақов Т.Ж., Серіков Р.С., Қартанова С.З., Баимбетова Қ.Ә. Қазақстандағы білім беру сапасын бағалау механизмдері // *Педагогикалық ғылымдар сериясы*. – 2019. - №3(60). – С. 52-59.

References

1. World Economic Forum. *Global Competitiveness Report 2015-2016*. Available at: <http://reports.weforum.org/global-competitiveness-report-2015-2016/education/#view/fn-53> (date of application: 05.11.2023).
2. Barro, R.J., & Lee, J.-W. (2010). A new dataset of educational attainment in the world 1950–2010. *National Bureau of Economic Research*, 15902, pp. 1-58. <https://doi.org/10.3386/w15902>.
3. UNESCO. *Report on Education and Economic Growth*, 2015.
4. Hanushek, E.A., & Woessmann, L. Do better schools lead to more growth? Cognitive skills, economic outcomes, and causation. *National Bureau of Economic Research*, 2009, 14633, pp. 1-65. <https://doi.org/10.3386/w14633>.
5. Barro, R.J. Economic growth in a cross section of countries. *Quarterly Journal of Economics*, 1991, 106(2), pp. 407–443.
6. Mankiw, N.G., Romer, D., & Weil, D. A contribution to the empirics of economic growth. *Quarterly Journal of Economics*, 1992, 107(2), pp. 407–437.
7. Temple, J. Growth effects of education and social capital in the OECD countries. *OECD Economic Studies*, 2001, 33, pp. 57–101.
8. Sianesi, B., & Van Reenen, J. The returns to education: Macroeconomics. *Journal of Economic Surveys*, 2003, 17(2), pp. 157–200.
9. Orynbet P.Zh., Nyhymetov G.S., Tsoi A.A. Vliyanie obrazovatel'nogo potentsiala na razvitie regionov Kazahstana [The impact of educational potential on the development of Kazakhstan's regions]. *Economy: Strategy and Practice*, 2023, 18(1), pp. 103-115. <https://doi.org/10.51176/1997-9967-2023-1-103-115> (In Russian).
10. Hanushek, E.A., & Wößmann, L. Education and economic growth. In: Peterson, P., Baker, E., & McGaw, B. (Eds.) *International Encyclopedia of Education*, 2010, 2, pp. 245-252). <https://hanushek.stanford.edu/publications/education-and-economic-growth>.
11. Vandenbussche, J., Aghion, P., & Meghir, C. Growth, distance to frontier and composition of human capital. *Journal of Economic Growth*, 2006, 11(2), pp. 97–127.
12. Sagaeva M.A., Andabaeva G.D. Ocenka vliyaniya vysshego obrazovaniya na socialno-ekonomiku [Assessment of the impact of higher education on socio-economy]. *Inzhenerlik grafika zhane kasibi bilim problemalary* [Engineering graphics and professional education issues], 2021, 2(61), pp. 52-58. <https://doi.org/10.32523/2220-685X-2021-61-2-52-58> (In Russian).
13. Pritchett, L. Does learning to add up add up? The returns to schooling in aggregate data. In: Hanushek, E.A., & Welch, F. (eds.) *Handbook of the Economics of Education*, 2006, pp. 635–695. Amsterdam: North-Holland.
14. Hanushek, E.A., & Woessmann, L. (2009). Do better schools lead to more growth? Cognitive skills, economic outcomes, and causation. NBER Working Paper No. 14633., 2009, 65 p.
15. Jamison, E.A., Jamison, D.T., & Hanushek, E.A. The effects of education quality on mortality decline and income growth. *Journal of Economic Literature*, 2007, 46(3), pp. 607–668.
16. Harvey, L. *Understanding quality in higher education: Concepts and approaches*. Routledge, 2005, 5(21), pp. 135-157.
17. Madraimova, D. (2022). Vzaimosvyaz mezhdru vysshim obrazovaniem i razvitiem chelovecheskogo kapitala na primere Kazahstana [The relationship between higher education and human capital development in Kazakhstan]. *Voprosy studencheskoj nauki* [Student Science Issues], 11(75), 39-50 (In Russian).
18. Kehm, B.M., & Stensaker, B. *University rankings diversity and the new landscape of higher education*. Springer Science & Business Media, 2010, 10(7), pp. 367-381.
19. Tight, M. *Key concepts in higher education*. Routledge, 2012, 2(11), pp. 567-590.
20. Malikov, K.T., Yntymakov, T.Zh., Serikov, R.S., Kartanova, S.Z., & Baimbetova, Q.E. (2019). Kazakstandagy bilim beru sapasyn bagalau mehanizmdir [Mechanisms for assessing the quality of education in Kazakhstan]. *Pedagogikalyk gylymdar seriyasy* [Series of Pedagogical Sciences], 3(60), 52-59 (In Kazakh).



ЖОҒАРЫ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ СТРАТЕГИЯЛАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНА ӘСЕРІ

А.М. Тлеппаев, С.Ж. Зейнолла, А.А. Ажибаева, Д.М. Тюлюбаева*

Қазақ-Неміс университеті, Алматы, Қазақстан

Түйін. Зерттеудің мақсаты – жүйелі тәсілді қолдана отырып, жоғары білімнің Қазақстанның экономикалық дамуына әсерін бағалау. Жұмыста жоғары білім сапасын арттыру стратегиялары мен олардың ел экономикасының өсуіндегі рөлі талданады. Зерттеу регрессиялық модельдеу, мәліметтерді талдау және әртүрлі факторлардың білім сапасын арттыруға қосқан үлесін бағалау арқылы жүзеге асырылады. Зерттеу барысында авторлар Қазақстан экономикасының қазіргі қажеттіліктерін қанағаттандыратын білім беру секторына инвестициялау бағыттары бойынша ұсыныстар ұсынады. Зерттеу Қазақстанның ұзақ мерзімді экономикалық өсіміне білімге инвестицияның оң әсері туралы гипотезаға негізделген. Талдау білім беру саясаты сапасы мен экономикалық даму арасындағы байланысты бағалауды қамтиды. Авторлар экономиканың ағымдағы және болашақ қажеттіліктеріне барынша сәйкес келетін салаларды таңдау, инвестициялық стратегияларды әзірлеу кезінде білім беру жүйесінің сапа деңгейін ескеру қажеттілігі туралы қорытынды жасайды.

Түйінді сөздер: стратегия, жоғары білім сапасы, экономикалық өсу, инвестиция, экономика, адами капитал, білім беру шығындары, жалпы ішкі өнім.

STRATEGIES FOR INCREASING THE QUALITY OF HIGHER EDUCATION AND ITS IMPACT ON THE ECONOMY OF KAZAKHSTAN

A.M. Tleppayev, S.Zh. Zeinolla, A.A. Azhibayeva, D.M. Tyulyubayeva*

Kazakh-German University, Almaty, Kazakhstan

Summary. The purpose of the study is to assess the impact of higher education on the economic development of Kazakhstan using a systems approach. The paper analyzes strategies for improving the quality of higher education and their role in the growth of the country's economy. The study is conducted using regression modeling, data analysis and assessment of the contribution of various factors to improving the quality of education. In the course of the study, the authors offer recommendations on areas of investment in the educational sphere that meet the current needs of the economy of Kazakhstan. The study is based on the hypothesis of the positive impact of investment in education on the long-term economic growth of Kazakhstan. The analysis includes an assessment of the relationship between the quality of educational policy and economic development. The authors conclude that it is necessary to take into account the level of quality of the educational system when developing investment strategies, choosing areas that best meet the current and future needs of the economy.

Key words: strategy, quality of higher education, economic growth, investment, economy, human capital, education costs, gross domestic product.

Информация об авторах:

Тлеппаев Арсен Молдағалиевич* - PhD, ассоциированный профессор, Казахстанско-Немецкий Университет, e-mail: arsentlp@gmail.com

Зейнолла Сауле Жанатовна - PhD, Казахстанско-Немецкий Университет, e-mail: zeinollasaule@gmail.com

Ажибаева Асель Ауэзовна - кандидат экономических наук, доцент, Казахстанско-Немецкий Университет, e-mail: azhibajeva@dku.kz

Тюлюбаева Динара Муратбековна - кандидат технических наук, доцент, Казахстанско-Немецкий Университет, e-mail: tyulyubayeva@dku.kz



Авторлар туралы ақпарат:

Тлеппаев Арсен Молдағалиевич* - PhD докторы, Қазақ-Неміс университетінің доценті, e-mail: arsentlp@gmail.com

Зейнолла Сәуле Жанатқызы - PhD, Қазақ-Неміс университеті, e-mail: zeinollasaule@gmail.com

Ажибаева Әсел Ауэзовна - экономика ғылымдарының кандидаты, доцент, Қазақ-Герман университеті, e-mail: azhibajeva@dku.kz

Тюлюбаева Динара Муратбековна - техника ғылымдарының кандидаты, доцент, Қазақ-Герман университеті, e-mail: tyulubayeva@dku.kz

Information about author:

Tleppayev Arsen Moldagalievich* - PhD, Associate Professor, Kazakh-German University, e-mail: arsentlp@gmail.com

Zeinolla Saule Zhanatovna - PhD, Kazakh-German University, e-mail: zeinollasaule@gmail.com

Azhibayeva Assel Auezovna - Candidate of Economic Sciences, Associate Professor, Kazakh-German University, e-mail: azhibajeva@dku.kz

Tyulyubayeva Dinara Muratbekovna - Candidate of Technical Sciences, Associate Professor, Kazakh-German University, e-mail: tyulyubayeva@dku.kz

Получено: 12.08. 2024

Принято к рассмотрению: 21.08. 2024

Доступно онлайн: 20.09.2024



Статистика, учет и аудит, 3(94)2024, стр. 28-38

DOI: <https://www.doi.org/10.51579/1563-2415.2024.-3.03>

Экономика және менеджмент

FTAMP 06.56.31

ӘОЖ 330.59

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ӘЛ-АУҚАТ: ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ЖҮЙЕНІҢ ДАМУЫ МЕН ЫҚПАЛЫ

Р.М.Рузанов,^{1} М.С.Досманбетова,² К.И.Ибрагимова,¹ С.К.Нурымова¹*

¹ҚР ҒЖБМ ҒК Экономика институты, Алматы, Қазақстан

²Кенжеғали Сағадиев атындағы Халықаралық Бизнес Университеті, Алматы, Қазақстан

*Corresponding author e-mail: rashid_ruzanov@mail.ru

Аңдатпа. Мақала елдің институционалдық жүйесін дамытуға және оның қазақстандық қоғамның әлеуметтік әл-ауқаты деңгейлеріне әсер етуіне арналған. Мақаланың мақсаты – Қазақстанда әлеуметтік әл-ауқатты қамтамасыз ету үшін институционалдық жағдайларды анықтау. Қолданылған әдістер ретінде аналитикалық әдіс, статистикалық әдіс, жүйелік талдаудың функционалды-құрылымдық әдісі, дедукция әдісі, синтездеу және салыстыру әдісі қолданылды. Оларды қолдану зерттеу объектілерін өзара байланысы мен өзара әсері бар білім берудің бірыңғай жүйесі ретінде қарастыруға мүмкіндік берді. Мақалада өңірлердегі және жалпы елдегі әлеуметтік әл-ауқатты дамытуға бағытталған институционалдық жүйенің құрылымы мен иерархиясы анықталды. Әрі қарай, нормативтік құқықтық құжаттардың мазмұнын институционалдық талдау негізінде олардың сапасын, логикасын және олардың арасындағы байланыстардың беріктігін бағалауға мүмкіндік туды. Ал бұл өз кезегінде қазіргі жүйенің кемшіліктері мен мәселелерін анықтауға мүмкіндік берді. Зерттеу барысында процестерді реттейтін және елдегі әлеуметтік әл-ауқаттың дамуы үшін жағдай жасауға әсер ететін бағдарламалық құжаттардың негізгі үрдістері мен кемшіліктерін анықтауға мүмкіндік туды. Институционалдық жүйені жетілдіру бойынша нұсқаулықтар анықталды.

Түйінді сөздер: әлеуметтік әл-ауқат, экономика, институционалдық жүйе, мемлекеттік бағдарламалар, ұлттық жобалар.

Кіріспе. Соңғы онжылдықтарда адамзаттың басына түскен жаһандық сын-қатерлер мемлекеттің тұрақтылығы мен дамуы елдің әр аймағындағы қоғамның және әрбір жеке адамның әл-ауқатына негізделгенін көрсетті. Сонымен қатар, соңғы онжылдықтарда Қазақстан азаматтардың өмір сүру сапасына және қоғамдық салауаттылықты қалыптастыруға тікелей әсер ететін әлеуметтік-экономикалық саладағы белсенді реформалар мен өзгерістерге қатысты. Болашақ даму траекториясын айқындайтын негізгі факторлардың бірі елдің институционалдық жүйесі болып табылады. Бұл мақалада біз Қазақстанның институционалдық жүйесінің дамуын талдап, осы өзгерістердің халықтың күнделікті өміріне әсерін анықтаймыз.

Теориялық және әдіснамалық тұрғыдан ғылыми негізделген мәселелерді неғұрлым тереңірек түсіну үшін, сондай-ақ әл-ауқатты жақсартуға бағытталған түбегейлі өзгерістерге ықпал ететін факторларды қарастыру әлеуметтік-экономикалық

Cite this article as: Ruzanov R., Dosmanbetova M., Ibragimova K., Nurymova S. Social well-being in Kazakhstan: development and impact of the institutional system. *Statistics, accounting and audit.* 2024, 3(94), 28-38. (In Kaz.). DOI: <https://www.doi.org/10.51579/1563-2415.2024.-3.03>



ландшафтты тиімді өзгертуге және мемлекеттік реттеудің тиісті тетіктерін пайдалануға мүмкіндік береді. Сондай-ақ Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауының «Үшінші. Ел болашағына бағытталған стратегиялық инвестициялар» тарауында әрбір азаматтың игілігі мен бүкіл елдің гүлденуі үшін Үкімет пен қоғамның бірлескен белсенді жұмыстарына басты назар аударылады.

Өмір сүру сапасын арттырудағы жалпы әлеуметтік әл-ауқат білім беру және денсаулық сақтауға қолжетімділіктен бастап экономикалық жағдайларына байланысты әлеуметтік қолдау деңгейлеріне дейінгі әртүрлі аспектілерді қамтиды. Қарқынды даму байқалатын Қазақстан жағдайында әлеуметтік саясат пен институционалдық өзгерістер мәселелері аса маңызды рөл атқарады. Мемлекет белгілеген, әлеуметтік әл-ауқаттың институционалдық априори негіздері мыналарды ескеруі қажет:

1. табыс деңгейімен, сапалы денсаулық сақтау, білім берудің қолжетімділігімен, еңбек қатынастары, салық саясатын қалыптастыру және қоғамның жетістіктері мен әл-ауқатын нақты көрсете алатын басқа да факторлармен байланыс. Бұл факторлар олардың адам өміріне әсерін және өмір сүру сапасын жақсарту үшін қажетті шараларды көрсетеді.

2. адамдар арасындағы сенім деңгейі, қоғамдық өмірге араласуы және жалпы қоғамның тұрақтылығы мен даму динамикасына әсер етуі мүмкін басқа да факторлармен байланыс. Елдегі және өңірлердегі әлеуметтік әл-ауқат қоғамның тұрақты дамуына тікелей әсер етіп, ықпал жасайды.

3. мемлекеттің басты міндеттеріне қол жеткізу – халықтың әлеуметтік әл-ауқатын қамтамасыз ету. Әлеуметтік әл-ауқатқа әсер ететін факторларды зерттеу үкімет пен ұйымдарға халықтың өмір сүру сапасын жақсарту үшін тиімді стратегиялар мен бағдарламаларды әзірлеуге көмектесе алады.

Әлеуметтік әл-ауқат қоғам дамуының айқындаушы көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Әлеуметтік әл-ауқат деңгейін арттыруға бағытталған мемлекеттік саясатты табысты жүзеге асыру үшін институционалдық қолдау және заңнамалық қамтамасыз ету қажет. Бұл қоғамда айқындықты, жүйелілік пен заңдылықты қамтамасыз етеді.

Институционалдық механизмдер ұсынылып отырған реттеушілік тәжірибеде белгілі бір ережелер мен қағидаларды белгілейтіндіктен, олар тиісінше нақты орындалуы керек бағалау көрсеткіштерін қамтиды. Бұл ретте бағалау көрсеткіштері мақсатты жүктемені арқалайтынын есте ұстаған жөн, олар алға қойылған жалпы мақсатты жүзеге асыруға ықпал етеді. Егер мұндай қарым-қатынас болмаса, онда мұның бәрі декларативті сипатта және жағымсыз салдарға әкелуі мүмкін.

Сондай-ақ мақалада біз мысал ретінде әлеуметтік саясат аясында жүзеге асырылып жатқан нақты бағдарламалар мен шараларды бөліп көрсетуге және олардың азаматтардың жалпы әл-ауқатына әсерін бағалауға көңіл бөлеміз. Осылайша, мақала Қазақстандағы институционалдық жүйе мен әлеуметтік әл-ауқат арасындағы өзара байланысты жан-жақты зерттеуге, қазіргі жай-күйі мен болашақтағы жоспарларға талдау жасауға бағытталған.

Негізгі ережелер. Бұл зерттеу елімізде халықтың әлеуметтік әл-ауқатын дамытудың институционалдық жүйесін құрудың өзіндік тарихы бар екенін көрсетеді. Мемлекеттік органдардың орындалуына, бақылау және жауапкершілігіне қатысты әртүрлі мәселелер бар. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің есептерінде көрсетілгендей мемлекеттік бағдарламалардың қаражатты тиімді пайдалануы және нәтижелерге қол жеткізу шығындарының сәйкестігіне талдау жасау барысында елеулі мәселелер бар. Сондықтан институционалдық жүйедегі



мәселелерді түсіну оларды шешу арқылы, елдің қолайлы әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ете алады.

Материалдар мен әдістер. Қазақстандағы мемлекеттік басқару мемлекеттік менеджмент элементтерін қолдануды көздейтін Вебер-Вильсонның ұтымды бюрократия моделіне негізделеді. Ол «саяси-әкімшілік» екі қарама-қарсы және нақты бөлінген категориялар үлгісіне негізделген. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, оны қолдану нәтижелері мемлекеттік органдар арасында саяси және атқарушы функциялардың прагматикалық және ғылыми негізделген тармақтарға тікелей байланысты.

Қазақстанда мемлекеттік институттар елдің әлеуметтік-экономикалық өмірін реттеуде маңызды рөл атқарады. Бұл мәлімдеме мемлекеттік бағдарламаларды, сондай-ақ ЭЫДҰ-ның басқа елдерімен салыстырғанда экономикадағы мемлекеттік меншіктің үлкен үлесін қамтитын басқарудың тікелей әкімшілік әдістерін белсенді пайдалану туралы дәлелдерге негізделген. Сондықтан көптеген мемлекеттік бағдарламалар мен ұсынылған заңдардың институционалдық негіздерін ескермей, Қазақстан өңірлерінде әлеуметтік әл-ауқаттың даму деңгейлеріне толық баға беру мүмкін емес [1].

Осы жұмыс шеңберінде Қазақстан Республикасы халқының әлеуметтік әл-ауқатының даму деңгейлері шараларын бөліп көрсетуге болады: әлеуметтік сала қоғамдық қауіпсіздік, салт-дәстүр, тәрбие, білім беру, денсаулық сақтау мәселелерімен ұсынылған; экономикалық саланы жұмыспен қамту, өндіріс, бөлу, айырбастау, тұтыну мәселелерімен ұсынылған; экологиялық сала елдегі және өңірлердегі қоршаған ортаны сақтау мәселесімен ұсынылған; мәдени-рухани сала материалдық емес құндылықтардың, оның ішінде дін, білім беру, ғылым, өнерді қоса алғанда, қалыптастыру процесіндегі қарым-қатынастармен ұсынылған; инфрақұрылымдық даму саласы халықтың өмір сүруге қажетті игіліктеріне (жолдар, байланыс және т.б.) қолжетімділігін қамтамасыз ету мәселелерімен ұсынылған.

Әдеби шолу. Шетелдік ғылыми әдебиеттерде халықтың әлеуметтік әл-ауқаты «social welfare», «social well-being» деген тіркестер түрінде берілген. Себебі, бұл мәселе пәнаралық сипатқа ие және оны экономика, әлеуметтану, психология, философия, тіпті саясаттану ғылымдары зерттейді. Бірақ біз мәселені экономика тұрғысынан қарастыратындықтан, қазіргі заманғы зерттеулердің әдістемелік аспектілеріне толығырақ тоқталу керек.

С.Бехнезаттың институционалдық көзқарасы бойынша өсу, даму және экономикалық әл-ауқат тұрғысынан елдер арасындағы үлкен айырмашылықтардың негізгі себебі олардың институционалдық құрылымдарында болып табылады [2]. Дж.Нельсонның пікірі бойынша экономика мен азаматтардың әл-ауқатына саяси белгісіздік және әртүрлі әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүргізудің ықтимал тәуекелдері де үлкен әсер етеді [3].

А.Кронерттің пікірінше, қазіргі әлемде экономикалық дамудың субъективті және объективті көрсеткіштері арасында корреляция бар, сонымен қатар елдер арасында жалпы әл-ауқаттың айтарлықтай айырмашылықтары бар. Ол атап өткендей, үш институционалдық ереже арасындағы өзара әрекеттесу: жақсы жұмыс істейтін демократия, дамыған мемлекеттік әлеует және кешенді әлеуметтік қорғау жүйесі бар [4]. Халықтың әл-ауқатын арттыруда үш фактор да маңызды рөл атқарады. Бұл нәтижелер шамамен 60 жыл ішінде әлемнің 100-ден астам елдерін қамтитын зерттеулермен расталады.



Ғылыми әлемдегі кейбір талқылаулар әлеуметтік әл-ауқатты анықтау шараларының бірі ретінде ЖІӨ-ді пайдалануға бағытталған. Е.Гуревичтің пікірінше, экономиканың дамуы және халықтың әлеуметтік әл-ауқаты қатаң институционалдық негізде ұсталады және саяси процесс шеңберінде оны жоймай өсуді жеделдету мүмкін емес [5]. Бұл ретте зерттеушілер ұзақ мерзімді даму бағытын ЖІӨ көрсеткіштерімен тікелей байланыстырады.

Сонымен қатар, басқа зерттеушілер ЖІӨ-ді пайдаланудың шектеулерін атап көрсете бастады. Осылайша, С.Ли халықтың әл-ауқатын бағалауды жалпы екіжақты халықаралық көші-қон ағындарын және әлемдегі әрбір адам өзінің өмір сүру сапасының деңгейіне қарай елді таңдайтын дискретті таңдау моделін қолдану арқылы толықтырады [6]. А.Эйткен сондай-ақ мыналарды қосады: ұлттық шоттарға табыстарды, тұтынуды және байлықты бөлу туралы ақпараттарды енгізу; цифрландыру және интернетті дамытуды есепке алу; цифрлық революцияның нәтижесінде пайда болған жаңа, «тегін» тауарларды есепке алу арқылы толықтарады [7]. М.Сантос еңбектерінде әлеуметтік шығындар құрамының өзгеруі әртүрлі қысқа және ұзақ мерзімді экономикалық нәтижелерге әкелетінін және сәйкесінше халықтың әлеуметтік әл-ауқатының деңгейіне әсер ететінін көрсетеді [8]. Білім беру негізінде адами капиталды дамыту халықтың жалақысының өсуіне, теңсіздіктің төмендеуіне әкелетінін және сәйкесінше Г.Ванның пікірінше, халықтың әл-ауқатының жақсаруына әкелетінін атап өту маңызды [9].

Нәтижелер және талқылау. Жалпы алғанда, априоридің барлық нормативтік-құқықтық жүйесі елдегі және өңірлердегі әлеуметтік әл-ауқат деңгейін дамытуға және арттыруға бағытталуы тиіс. Алайда, құжатта әлеуметтік әл-ауқатқа тікелей назар аударылған кезде, бұл оның мақсаттары мен міндеттерін нақтырақ көрсетеді. «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде әлеуметтік әл-ауқат терминін қандай да бір түрде тікелей атап өтетін 470 нормативтік құқықтық акт бар, оның ішінде 241 құжат күшін жойды, 229 құжат осы уақытқа дейін қолданыста болды [10]. 2005 жылдан бастап әлеуметтік қамсыздандыру Қазақстан Республикасының 35 заңында (негізінен республикалық бюджет туралы Заңдарда) атап өтілді. Әртүрлі бағдарламаларды бекіту туралы 14 құжатта (Павлодар облысында білім беруді дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы туралы, Қазақстан Республикасында кардиологиялық және кардиохирургиялық көмекті дамытудың 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы, «Нұрлы жер» тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы, Қазақстан Республикасында денсаулық сақтауды дамытудың 2005-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы, 2011-2020 жылдарға арналған «Ақ бұлақ» бағдарламасын бекіту туралы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылға арналған іс-қимыл бағдарламасын бекіту туралы және т.б.), сондай-ақ халықтың әлеуметтік әл-ауқатын дамытуға бағытталған ұсыныстар да атап өтілді.

Нәтижесінде көптеген мемлекеттік бағдарламалар толық орындалмады. Қоғам орасан зор ресурстардың қалай бөлінетінін байқады және халықтың өмір сүру деңгейінде айтарлықтай оң өзгерістер күтілді, бірақ айтарлықтай нәтиже болмады. Әрине, статистика бойынша, онда абсолютті көрсеткіштер әсерлі. Мәселен, Есеп комитетінің мәліметінше, 2014-2021 жылдарға арналған Индустрияландыру картасы аясында жалпы сомасы 7 791,1 млрд. теңгені құрайтын 1037 жоба іске қосылып, 128 279 жұмыс орны ашылды. Алайда, олар құрылған жұмыс орындарындағы халықтың өмір сүруі және еңбек жағдайларының сапалық жағын ашып көрсетпейді, ал өңірлік



карталарға енгізілген бірқатар кәсіпорындардың өндірістік көрсеткіштері жүктеменің төмендігі мен өндірілетін өнімге сұраныстың болмауына байланысты тұрақты төмендеу үрдісіне ие. Келешегі мен қолдауы жақсы болған кейбір жобалар тиімсіз болып шығып, жабылып қалды (Ақмола облысы, Қарағанды облысы, Солтүстік Қазақстан облысы). Бұл жоспарлау сатысында жобалардың сапасыз әзірленуінің және соның салдарынан бюджет қаражатының тиімсіз пайдаланылуының дәлелі [11].

Индустриялық-инновациялық даму бағдарламаларының сериясы өңдеу өнеркәсібінің ЖІӨ-дегі үлесін тіпті 15%-ға арттыру да нәтиже бермеді. Кейінгі бағдарламаларда бұл индикаторлар мақсатты болмады. Негізінде, индустриялық бағдарламаларда өңдеу өнеркәсібін айтарлықтай ұлғайту және технологиялық деңгейді көтеру бағытында экономика құрылымын өзгертудің нақты мақсаты белгіленбегені анықталды [12]. Жеңіл нысаналы индикаторлар бағдарламаны әзірлеушілер мен жауапты мемлекеттік органдарға негізгі мақсаттарға ресми түрде қол жеткізуге мүмкіндік берді, бірақ бұл бағдарламалардың негізгі мағынасы жойылды.

Қазақстан өңірлерінде әлеуметтік әл-ауқат негізін институционалдық қамтамасыз етудің нәтижесі халықтың өмір сүру жағдайларын жақсартуға әсер ететін жүйені құру болуы тиіс. Алайда, бұл туралы айту әлі ерте, өйткені бұған дейін жүзеге асырылған республикалық және өңірлік деңгейдегі бағдарламалар жағдайды айтарлықтай сапалы жақсаруына әкелмеді. Қазақстан экспортының негізгі бөлігі әлі де табиғи шикізатпен байланысты және сәйкесінше өңдеу өнеркәсібінің үлесі айтарлықтай өзгермейді. Жан басына шаққандағы ЖІӨ-нің өсімі мен халықтың жан басына шаққандағы кірістері инфляциямен және бірқатар девальвациялар салдарынан құнсызданды. Экспорт сапасы мен төлем балансы төмен деңгейде. Әзірленген және қабылданған мемлекеттік бағдарламалар мен жобалардың барлық орасан зор санымен Қазақстан экономикасы маневрлер үшін кең өріс құруға әкелмеді және ел бюджеті экономиканың өндіруші секторының тауарларының шектеулі тобына нарық конъюнктурасына өте тәуелді. Сондықтан әлемдік геосаяси және экономикалық кеңістіктегі дағдарыстық жағдай осы уақыт ішінде ресурсқа бай Қазақстан экономикасына қатты қысым жасауда, бұл елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды қиындатады.

Халық шығындарының құрылымы индикативті болып табылады. Мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар тиімді дамып келе жатқан экономиканы дамыту үшін сенімді база құра алған жоқ және тиісінше халықты жоғары табыспен немесе ең болмағанда өмір сүру сапасының тұрақты орташа деңгейімен қамтамасыз ете алмады. Нәтижесінде Қазақстан халқының азық-түлік өнімдеріне жұмсаған шығыстарының үлесі 50%-дық шектеулерден асатын тұрақты өсуі байқалады. Дамыған елдерде халықтың азық-түлік өнімдеріне жұмсаған шығындарының үлесі шамамен 12%-ға жетеді, бұл халықтың жоғары табысының сақталуын көрсетеді [13].

Мысалы, Қазақстанның 14 өңірінде азық-түлік өнімдеріне жұмсалатын шығындарының үлесі 50%-дан асады. Оларға: Абай, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Жетісу, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, Түркістан, Шығыс Қазақстан облыстар мен Алматы, Шымкент қалалары) жатады.

Азық-түлік шығындарының өсуі халықтың білім беру, медицина және басқа да қызметтер саласындағы шығындарын үнемдеу есебінен де жүреді. Тиісінше, өмір сапасының деңгейі төмендеуде, ал қаржыландырылмаған шығыстар болашақта Қазақстандағы адам капиталының даму сапасына және бәсекеге қабілеттілігіне әсер етеді. Статистика көрсеткендей, тұрғындар күнкөріс шығындарына жетіспейтін



қаражаттың орнын толтыру үшін несиелер алуға мәжбүр. Бұл үнемі өсіп келе жатқан халық арасындағы қарыз деңгейіне әсер етті.

Қазақстан Республикасының 7,0 млн-ға жуық азаматының тұтынушылық несиелері бойынша банктерге берешегі бар, бұл елдегі жұмыспен қамтылған халықтың 75%-нан астамын құрайды. Бұл ретте тұтынушылық кепілсіз несиелер портфелінің «жасаруы» байқалады. 34 жасқа дейінгі топтардың жалпы жиынтық үлесі айтарлықтай өсті. Бұрын негізгі үлес 35 пен 54 жас аралығындағы несиелер алушылар тобына тиесілі болатын [14].

Инфрақұрылымдық даму тұрғысынан алғанда Қазақстанда халықты ауыз сумен қамтамасыз етуге күрделі мәселелер бар. Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институтының ғылыми-педагогикалық потенциалын ойланбастан жоғалту қазіргі кезеңде Қазақстанда апатты зардаптарға (ел аймақтарын су басу) әкелді. Біз жоғары білікті ғалымдардан, мамандардан, су ресурстарын тиімді бөлу және пайдалану мәселелерімен айналысатын тұтас бір мектептен айырылды.

«Ауыз су» (2002-2010 ж.ж.) және «Ақ бұлақ» (2011-2020 ж.) халықты сумен қамтамасыз етуге арналған бағдарламалар әрекеттерін сәтсіз деп атауға болады. 2019 жылы «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы қабылданғаннан кейін 2020 жылға қарай республиканың барлық тұрғындарын ауыз сумен қамтамасыз ету жөніндегі бастапқы жоспарлар 2025 жылға шегерілді. Бұл ретте Есеп комитеті салалық саясаттың сәйкессіздігі мен бөлшектенуіне байланысты 2025 жылға қарай мақсатты көрсеткішке қол жеткізе алмау тәуекелдері сақталып отырғанын атап өтеді.

Сарапшылардың мәліметінше, Қазақстан су ресурстары бойынша 173 елдің ішінде 66-орында. Сонымен бірге, елдің су тасымалы кезіндегі шығыны 50% құрайды, бұл Стратегиялық бастамалар орталығының мәліметі бойынша, жыл сайын 206 миллион доллар шығынға әкеледі. БҰҰДБ болжамы бойынша, 20 жылдан кейін Қазақстанда су тұтыну 56%-ға артып, су тапшылығы жылына 20 км³-тен астам болады.

Жеке бағдарламаларға арналған жоғарыда келтірілген мысалдар Қазақстан мен оның өңірлері үшін жалпы көріністі көрсетеді. Бастапқыда барлық бағдарламаларда игі мақсаттар мен дұрыс міндеттер болғанымен, оларды жүзеге асыру процестерінің нашарлығы және бұрын-соңды болмаған сыбайлас жемқорлықтың салдарынан олар нақты жетістіктерге жете алмады. Қазақстан өңірлерін сумен қамтамасыз ету мәселесі осы жылдары бағаланбай, үнсіз қалды. Олар тек олар үшін жобаларды ойлап табуға тырысты, бірақ шындық су тапшылығы қауіпті ұлттық ауқымдағы апатқа әкелуі мүмкін.

2022 жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» тақырыбында Ұлттық қордың жылдық инвестициялық кірісінің 50%-н балалардың кәсіптік жасқа толғанға дейінгі арнайы жинақтау шоттарына аударатын «Балаларға арналған – Ұлттық қор» құру туралы ұсыныс айтылды [15]. Жинақталған сомалар оларды тұрғын үй сатып алуға және білім алуға жұмсауға мүмкіндік береді. Ал 2024 жылдың өзінде-ақ Қазақстандағы балалардың есеп-шоттарына аударымдар жүргізіле бастады. Бұл ТМД-ның шикізат өндіруші елдері арасында бұрын-соңды болмаған жағдай.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының әл-ауқат саясатын жүзеге асырудағы институционалдық негізі шартты түрде төрт санатты қамтиды: экономикалық, әлеуметтік, экологиялық және мәдени (1-кесте). Кейбір құжаттар бірден екі немесе үш санатқа енуі мүмкін, өйткені олар өмірдің бірнеше саласын қамтиды.



Кесте 1 – Қазақстан Республикасы халқының әлеуметтік әл-ауқатын дамытудың институционалдық негізі болып табылатын Ұлттық жобалар мен Мемлекеттік бағдарламалар

Экономикалық сала	Әлеуметтік сала	Экологиялық сала	Мәдени сала
I. БАСҚАРУДЫҢ САЯСИ ДЕҢГЕЙІ			
«Қазақстан-2050» Стратегиясы			
II. БАСҚАРУДЫҢ ӘКІМШІЛІК ДЕҢГЕЙІ			
Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары			
Жалпыұлттық басымдықтар			
Қазақстан Республикасының 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тұжырымдамасы			
«Қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған тұрақты экономикалық өсу» ұлттық жобасы			
Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамыту жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы	2021-2025 жылдарға арналған «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасы	2021-2025 жылдарға арналған «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасы	
2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту туралы ұлттық жобасы		2021-2025 жылдарға арналған «Білімді ұлт, сапалы білім беру» ұлттық жобасы	
2021-2025 жылдарға арналған «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы			
2021-2025 жылдарға арналған «Цифрландыру, ғылым және инновация арқылы технологиялық серпіліс» ұлттық жобасы			
2021-2025 жылдарға арналған «Сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау әрбір азаматқа арналған «Дені сау ұлт» ұлттық жобасы			
		Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы	
Қазақстан Республикасының салалық министрліктері мен аймақтық мемлекеттік органдарының стратегиялық жоспарлары			
Ескерту: Авторлар құрастырған.			

Жалпы, негізгі бағдарламалық құжаттар мен ұлттық жобалар ел халқының әлеуметтік әл-ауқатын арттыруға бағытталғанын көрсетеді. Басты мәселе олардың орындалуы және жүзеге асырылып жатқан іс-шараларды сапалы бағалау болып қала береді.

